

“Гаухар” бөбекжай - бақшасы



“Кітап - менің қазынам”

Дайындаған: Сарманова А

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы:

Кітап – менің қазынам

Мақсаты:

Балаларды кітапханамен таныстыру, кітапқа қызығушылықтарын арттыру, қоғамдық орында өзін дұрыс ұстауға үйрету.

Міндеттері:

Кітапхана туралы қарапайым түсінік беру

Кітапты дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру

Тыныштық сақтау, тәртіпке баулу

Тыңдау және қарау қабілеттерін дамыту

Кітапхана деген не?

Кітапхана – бұл көп кітаптар сақталатын орын. Онда адамдар кітап оқиды, қарайды және білім алады.

Қажетті құралдар:

Суретті ертегі кітаптар

Жұмсақ немесе қатты мұқабалы кітаптар

Кітап сөрелері (кітапхана бұрышы)

Тыныштық белгісі

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

– Балаларды тыныш жинау

– «Балалар, біз бүгін кітапханаға барамыз!»

2. Кітапханамен таныстыру:

– Кітап сөрелерін көрсету

– «Мұнда көп кітап бар»

– «Кітапханада тыныш отырамыз»

3. Кітап таңдау:

– Әр бала өзіне ұнаған кітапты таңдайды

– Тәрбиеші көмектеседі

4. Қарау және тыңдау:

– Балалар кітаптағы суреттерді қарайды

– Тәрбиеші қысқа ертегі оқып береді

5. Тәртіп ережелері:

– Кітапты жыртпау

– Таза ұстау

– Тыныш отыру

6. Ойын:

«Дұрыс – бұрыс»

(тәрбиеші әрекет көрсетеді, балалар дұрыс/бұрысын айтады)

Сергіту сәті:

«Кітап аштық – жаптық» қимылды ойыны

Қорытынды:

– «Кітапхана ұнады ма?» – Иә!

– «Кітапты қалай ұстаймыз?» – Ұқыпты!

Күтілетін нәтиже:

Балалар кітапхананы таниды

Қоғамдық орын тәртібін сақтауды үйренеді

Кітапқа қызығушылықтары артады

